Автор: Маясарова Алия Исламовна
Предмет: Познание мира. Компонент история
Класс: 4 класс
Раздел: Моя Родина – Казахстан
Тема: Біздің отбасылық бюджетіміз

Оқу мақсаттары	отбасы бюджетінің кіріс-шығыстарын талдау; – отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну.

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы

Сабақтың басы (Сабақтыңортасы сабақтың соңы)	Психологиялық ахуал: Сабаққа келдік оқу үшін, Ерінуге емес, еңбектену үшін. Мұғалімді мұқият тыңдаймыз, Ынтамен жұмыс жасаймыз. Тақтада басы бір бөлек, соңы бір бөлек тұрған мақалдар беріледі. Мақалдың басы мен соңын қосу керек. Ақшаның жайын жарлыдан сұра, есеп ұстауға тырысады Теңге – тиыннан ақшасыз ешкім бермейді. Базарда бәрі бар, ынтымақ – ұйымнан. Ақша кетуге тырысады, адамның жайын арлыдан сұра. (Ұ) Балалар тапсырманы орындайды. Мұғалім: Бүгінгі сабақта отбасылық бюджет туралы айтатын боламыз. (Ұ) Оқушылар сабақтың мақсаттарын анықтайды және түсіндіреді. Мұғалім оқушыларға бағалау өлшемдерін құрастыруды ұсынады. Үй тапсырманы тексеру. 2. Оқулықтағы «Еске түсіреміз», «Өзіміз анықтаймыз» айдарлары бойынша мұғалім жұмыс ұйымдастырады. 3. (Ж) Оқушылар оқулықтағы мәтінді өз беттерінше оқиды, мәтіннің тақырыбы бойынша білімдерін еске түсіреді. Бір-біріне сұрақтар қояды. Мұғалім оқушыларға отбасылық бюджетке қатысты бейнематериалды көрсетеді (біреуін таңдайды). БІЗДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТІМІЗ Отбасы бюджеті дегеніміз – бұл әдетте кесте түрінде бір айға жасалатын отбасылық кірістер мен шығыстардың есебі, отбасылық баланс. https://atamuraweb.kz/?page_id=5112 видео тамашалау 4. (Ұ) Диалогтік оқыту. Коммуникативтік дағдыларды дамыту (тыңдалым, айтылым). Дифференциациялау. Бейнематериалды көргеннен кейін талқыланатын сұрақтар: – Отбасылық бюджет дегеніміз не? – Отбасының бюджеті қалай толығады? – Ортақ шығыстар дегеніміз не? – Неліктен ақшаны ақылмен жарату керек? Ақылмен жарату деген нені білдіреді? – Шығыстарды жоспарлау дегеніміз не? – Шығыстарды жоспарлаудың маңызы неде? – Коммуналды қызметтерден және ойын-сауықтардан үнемдеуге бола ма? – Жоспарланбаған шығыстар дегеніміз не? (Ұ) Оқушылар өз білімдеріне және өмір тәжірибелеріне сүйене отырып, сұрақтарға жауап береді. 4. «Отбасылық бюджетке талдау жасаймыз» айдары. Мұғалім ұжымдық немесе топтық жұмысты ұйымдастырады (сыныптың дайындығына байланысты). (Ө) Оқушылар оқулықта берілген ақпаратпен танысады, сұрақтарға жауап береді. (Ұ) «Бюджеттің түрлері» суреті бойынша мұғалім ұжымдық жұмысты ұйымдастырады. – Осы тапсырманы орындау арқылы біз нені анықтадық? 5. Сергіту сәті. Кәне, балалар, орнымыздан тұрамыз, Сарбаз секілді маршпен жүреміз. Қолды жоғары көтеріп, төменге түсіреміз. Аяқтыңұшына тұрамыз. Осы қимылдарды тағы да қайталаймыз. Бір-бірімізгекүлімдейміз, Жақсы көңіл күймен, Орнымызға жайғасамыз. 6. (Ө) Мұғалім өздік жұмысты жұмыс дәптерінде орындатады. 7. Үй тапсырмасы. Отбасыңмен отырып отбасылық бюджетке талдау жасаужәне жұмыс дәптеріндегі кестені толтыру. Мына сұрақтар бойынша ата-анадан жауап алу: 1. Отбасылық бюджеттің есебін жүргізесіздер ме? 2. Үнемдеуден қалған ақша қайда жұмсалады? Отбасылық бюджетті оңтайландырудың жолдары қандай? (Ұ) Рефлексия. -Мына сұрақтарға жауап беру арқылы сабақта атқарған жұмысыңды қорытындыла: Сабақта қандай жаңа ақпараттарға ие болдың? Тапсырмаларды орындауда бұрынғы білімдерің пайдаға жарады ма? Тапсырмаларды орындау кезінде саған кім және қалай көмектесті? Сабақта алған қандай білімдер саған болашақта қажет болады? Алған біліміңді қайда қолданасың? 5e09ddcaeb98d.png Image not found or type unknown	